

«БЕКІТЕМІН»

Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі
вице-президент

_____ Б.Ахметов
« ____ » _____ 20 ____ ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

ЖҰМЫС НҮСҚАУ

ЖН-СМЖ-065-2015

**МАМАНДЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ ОҚУ ЖОСПАРЫН
ДАЙЫНДАУ**

АЛҒЫ СӨЗ

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департаментімен **ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**
2. Әзірлегендер — Әдістемелік бөлім басшысы Н.Орманов
— Әдістемелік бөлімінің жетекші әдіскері Р.Абдурахманова
3. Келісілді — Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры А.Бостанова
— Аккредитация, рейтинг және сапа басқарма басшысы Ж.Дарибаев
4. **ЕНГІЗІЛДІ** — 2015 ж.
5. Тексерілу мерзімі — 2017 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан

| | | |
|---|---------------------|------------------------|
| <i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i> | | <i>ЖН-СМЖ-065-2015</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Жұмыс нұсқау | <i>2-ші нұсқа</i> |
| Мамандықтың негізгі оқу жоспарын дайындау | | 25 беттің 2 –ші беті |

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Ұсынылып отырған мамандықтың негізгі оқу жоспарын дайындаудың жұмыс нұсқауы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің барлық құрылымдарында (факультеттер, кафедралар) негізгі оқу жоспарын әзірлегенде қолданылады және СМЖ құжаттарының құрамына енеді.

1.2 ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен бекітілген жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жалпы ережелер негізіне сүйене отырып Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 27 маусым 2013 жылғы Сенат мәжілісінің №6 қаулысымен, 2013-2014 оқу жылына жаңа үлгідегі негізгі оқу жоспарын дайындау енгізілді.

2 СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

2.1 Жұмыс нұсқауын даярлау барысында келесі нормативтік құқықтық құжаттар пайдаланылды және сілтеме жасалды:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасы үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жалпы ережелер» ҚР үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен енген өзгерістер мен толықтырулар;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылдың 02 маусымдағы №198 (№ 152 2011ж. 20 сәуір) бұйрығымен бекітілген оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру Ережесі, ҚР БЖҒМ 2014 жылғы 02 маусым №198 бұйрығымен енген өзгерістер мен толықтырулар;
- «Жоғары оқу орнынан кейінгі және жоғары білім беру оқу пәндерін кодтау жүйесі» ҚР МЖМБС 5.05.001 - 2005;
- Қазақстан Республикасы үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген «Жоғары білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Жалпы ережелер»;
- «Бакалавриат бағдарламасы бойынша үлгілік оқу жоспарын әзірлеу ережесі» УЕ-ХҚТУ-090-2015.

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Осы жұмыс нұсқауда келесі терминдер мен қысқартулар пайдаланылады:

Ахмет Ясауи Университеті – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
 ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

СМЖ – сапа менеджментінің жүйесі;

УС – университет стандарты;

ЖН – жұмыс нұсқауы;

ЖОО – жоғары оқу орны;

НОЖ – негізгі оқу жоспары;

СОӨЖ – оқытушының жетекшілігінде студентпен орындалатын өзіндік жұмысы;

СӨЖ – студенттердің өзіндік жұмыстары;

ҮОЖ – үлгілік оқу жоспары;

ЖОЖ – жұмыс оқу жоспары;

ECTS – еуропалық жүйе бойынша кредиттерді қайта санау;

| | | |
|---|---------------------|---|
| <i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i> | | <i>ЖН-СМЖ-065-2015</i> <i>2-ші нұсқа</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Жұмыс нұсқау | |
| Мамандықтың негізгі оқу жоспарын дайындау | | 25 беттің 3 –ші беті |

АРСБ – Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасы;
 ӘБ – Әдістемелік бөлім.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР (ДАЙЫНДАУ, КЕЛІСУ, БЕКІТУ ЖӘНЕ САҚТАЛУ ТӘРТІБІ)

4.1 Құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламасын құраушы компонент негізгі оқу жоспарын әзірлеуде мамандық бойынша анықталған құзыреттер (Европалық жоғары білім беру тәжірибилеріне, жұмыс берушілердің ұсыныстарына, бітірушілердің тілегіне сәйкес) назарға алынады. Болашақ маманның жалпымәдени және кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған модульдер (пәндер) «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жалпы ережелерге», Университет Сенаты шешіміне, мамандық бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңес шешімдеріне, «Бакалавриат бағдарламасы бойынша үлгілік оқу жоспарын әзірлеу ережесі» УЕ-ХҚТУ-090-2015 сәйкес дайындалады.

- Сонымен қатар, ЖОО іске асырылатын білім беру бағдарламаларының ерекшеліктеріне қарай игеруге қажетті кредиттер көлемін арттыра алады.

4.2 Бакалавриат бойынша білім бағдарламасы теориялық оқытудың жалпы еңбек сыйымдылығы оқытылатын оқу пәндерінің тізбесімен анықталады - 129 кредит, «Өнер» топтары бойынша жекелеген мамандықтардың ерекшеліктерін ескере отырып 144-161 кредиттің (бір семестрде 18-22 кредит) есебінен әзірленеді. НОЖ мына бөлімдерден тұрады:

1. теориялық оқу;
2. тәжірибе;
3. оқытудың қосымша түрі; және
4. қорытынды аттестаттау.

- Бакалаврларды даярлау бойынша жекелеген мамандықтардың ерекшеліктеріне қарай (жоғары арнаулы білім беру бағдарламаларын қоса алғанда) оқыту үдерісінің аяқталғандығының негізгі өлшемі ретінде «өнер» тобы бойынша студент теориялық оқудың 160-180 кредитіне (бір семестрде 22 кредит) дейін меңгеруі мүмкін.

4.3 Теориялық оқудың 129 кредиті – мемлекеттік міндетті модуль - 8 кредит, Коммуникативтік модуль – 17 кредит, ЖОО электив модуль – 8 кредит соның ішінде (2 кредиттік 15 пән тандау компоненттерінен тұрады) және кәсіби модульдер блогына (96 кредит, жекелеген мамандықтардың ерекшеліктеріне қарай «Өнер» тобы бойынша теориялық оқу 144-161 кредитіне қарай анықталады). Міндетті және - Оқу үдерісін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру кезінде әр оқу пәнінің көлемі кредиттің бүтін санын құрау тиіс. Бұл ретте пән, әдетте, кемінде 3 кредит көлемімен бағаланады. Ерекше жағдайда пәнді 2 кредитпен бағалауға жол беріледі.

4.4 ЖОО-да оқу процесі техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар білімгерлер үшін жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған оқу бағдарламалары бойынша ұйымдастырылады. Осыған қатысты көлемдерінің жеткіліктігі және білім беру бағдарламасының сабақтастығы шартымен кредиттерді қайта есептеу және бұрын игерген пәндерді есепке алу жүзеге асырылады және (дипломға қосымшалар) негізінде айқындалып білім алушылардың пререквизиттері ескеріле отырып Кәсіби модульдер блогы мен Жеке білім траекториясының модульдері (ЖБТ) пәндерінің блогына қарасты дайындалып қойылады.

4.5 НОЖ әзірлеуде мамандықтар бойынша жауапты кафедралар анықтаған құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламаларының құраушы бөліктеріне (модульдерге, пәндерге) сәйкес матрица басшылыққа алынады.

Модульдерді (пәндер тізімін) бітіруші кафедра өз бетінше факультеттің әдістемелік кеңесімен келісе отырып анықтайды. Әрбір модуль қайталанбайтын бір атаумен берілуі керек. Осы анықталған модульдерді (пәндерді) мамандық бойынша барлық бакалавриаттардың оқып үйренуі міндетті болып есептеледі.

| | | |
|---|---------------------|------------------------|
| <i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i> | | <i>ЖН-СМЖ-065-2015</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Жұмыс нұсқау | <i>2-ші нұсқа</i> |
| Мамандықтың негізгі оқу жоспарын дайындау | | 25 беттің 4 –ші беті |

Бір модульдік уақыт ішінде өтілетін пәндерді таңдағанда, олардың мазмұндары бір-бірімен тығыз байланысты болып келетін пәндерді іріктеу қажет. (Студент объективтік бір құбылыстың өзін әр ғылымның пәндік жүйесіне сәйкес дербес объектілер есебінде аңғарып, түсініп, талдап үйрену үшін).

Бір модульде өзара іштей байланысты пәндерді қатар өту арқылы студент дүниетанымын түрлі ғылымдар арқылы концентрациялап, интенсификациялауға болады.

Әр модуль ішінде және олардың арасында оқу сабақтары түрлерінің әдістемелік тұрғыдан дұрыс үйлесуін қамтамасыз ететін, модульдік курс пен білім беру бағдарламалары құрылымының икемділігін, білім алушылардың білімін бақылаудың тиімділігі мен бақылау іс-шараларының семестр барысында дұрыс бөлінуін, білім алушылардың шығармашылық қызметі үшін алғышарттар құрылатын дамыта оқытудың әдістемелік принциптерін іске асыру мүмкіндіктері қарастырылуы тиіс.

Модульдердің бірігуі білім алушылардың белгілі санаттарының оқуы (және өздігінен оқуы) үшін және арнайы дидактикалық, кәсіби мақсаттарда іске асуы үшін талап етілетін нақты оқу материалын таңдау және құрастыру еркіндігі мен икемділігінің қажетті деңгейін қамтамасыз етеді.

НОЖ әзірлеушілер өз шешімімен бір модульдің көлемін 5 және одан да көп қазақстандық кредитті құрайды және екі немесе одан да көп оқу пәндерін, модульдегі пәндерге 2-3 және одан жоғары кредиттерді бөлуді қарастыруы мүмкін. Көлемі 1 кредиттік пән қарастырылмайды.

Білім беру бағдарламасының әрбір модулі оқытудың белгілі нәтижелеріне, яғни құзыреттілікке қол жеткізуге бағытталған. Бұл ретте модульдер пәндердің мазмұндық бірлігі негізінде «көлденең» немесе «тік» сызба бойынша құрастырылуы мүмкін. «Көлденең» модульде барлық құрамдас пәндер параллель оқытылуы мүмкін білім беру нәтижелеріне тең дәрежеде және біршама тәуелсіз қызмет етеді. «Тік» модуль іргелі және жалпы кәсіби деңгейден арнайы тар қолданбалы деңгейге дейін белгілі бір білім беру нәтижесіне қол жеткізуге бағытталған бірінен кейін бірі (ретімен) оқытылатын пәндерді қамтиды.

4.6 Негізгі оқу жоспарындағы 15-27 кредит жеке білім траекториясына (ЖБТ) бөлінеді. Бір білім беру траекториясы (элективтік кәсіби пәндер жиынтығы) мамандық шеңберіндегі бір білім беру бағдарламасына теңестіріледі. Осыған сәйкес ЖБТ-ға атау беріледі. Траектория атауы белгілі бір бағытты қамтуы тиіс. Жеке білім траекториясын жасауда әлемдік практикалар мен жұмыс берушілердің, бітірген түлектердің кеңесін ескере отырып, мамандық шығарушы кафедраның ғылыми-ізденушілік, қазіргі таңдағы ғылыми-техникалық даму бағыттарына сәйкес ұсынылатын пәндерді қарастыру қажет. (Қосымша 4, 3-сурет (a,b))

4.7 Теориялық оқудың кемінде 129 кредит менгеретіндер үшін Кәсіби модульдер блогындағы пәндерге жалпы 96 кредит бөлінген, оның 15 кредиті жеке білім беру траекториясы модульдеріне қарастырылған. Мамандық дайындаушы кафедра 15 кредитті мамандандыру (специализация) үшін жеткіліксіз деп шешім қабылдаса, бұл жағдайда 27 кредитке дейін көтеру мүмкіндігі қарастырылады.

Кәсіби модульдер блогындағы пәндер көлемі 69 - 81 кредитті құрайды. Таңдау компонентіне бөлінген кредиттер негізінде Жеке білім беру траекториясы модульдегі пәндер көлемі 15 – 27 кредитті құрайтын болады (4.3 тармақшаға сәйкес).

НОЖ әзірлеушілер (зертханалық жұмыстарды жоспарлағанда, әсіресе жаратылыстану мамандықтары) бірнеше білім траекториясын ұсынып, лекция+семинар/практикалық+зертханалық бойынша кредиттерді әр пәнге әр түрлі бөлуі мүмкін. Сондықтан ұсынылған кредиттің бөлінуі өзінің траекториясындағы әр пәннің астына бөлініп көрсетілуі керек, ал негізгі бөлімде жалпы кредит мөлшері ғана көрсетіледі. (Қосымша 4, 3-сурет (a,b)).

| | | |
|---|---------------------|---|
| <i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i> | | <i>ЖН-СМЖ-065-2015</i> <i>2-ші нұсқа</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Жұмыс нұсқау | |
| Мамандықтың негізгі оқу жоспарын дайындау | | 25 беттің 5 –ші беті |

НОЖ-да коммуникативтік модульдегі тілдік пәндер үлгілік оқу жоспарына сәйкес деңгеймен берілген. Жалпы, тіл деңгейі жаңа оқу жылына түскен білімгерлерден емтихан арқылы тілді меңгеру деңгейі анықталған соң (Қосымша 5) берілген тілдің деңгейі бойынша бір жылдық жұмыс оқу жоспарында осы анықталған деңгейі қойылады.

Жұмыс оқу жоспары (1 жылға) оқу жылына – мамандықтың ҮОЖ, НОЖ және білімгердің жеке оқу жоспары негізінде әзірленеді.

Дене шынықтыру, тілдік пәнді қоспағанда, басқа әрбір оқу пәні қайталанбайтын бір атауға ие болуы тиіс. Оқыту нәтижелерін қамтамасыз ететін кәсіби құзыреттерді қалыптастыратын білім бағдарламаларында өзара айырмашылық болу керек. Таңдаған білім бағдарламасын (траекторияны), кәсіби элективтік пәндер тізімін бакалаврлардың оқуы міндетті болып табылады.

4.8 Оқу жоспарында семестрлерге компоненттерді бөлгенде семестрдегі педагогикалық тәжірибенің пререквизиті болып табылатын «Педагогика» және «Психология» модулінің міндетті оқытылуын жоспарлауды қарастыру керек, сонда ғана педагогикалық тәжірибеден өтуіне қатысты пререквизиті болып табылады. Мысалы: педагогикалық тәжірибе 2 семестрде болса, онда модуль «Педагогика» және «Психология» 1 семестрде оқытылуы қажет.

4.9 Оқу жоспарындағы компоненттерді семестрлерге бөлуде қойылатын талаптар:

- оқу жоспарын модульдік негізде жобалап құрастыру;
- модульдердің жүйелік-логикалық сабақтастығы білім бағдарламасы шеңберінде болу;
- студенттің апталық жүктемесі 57 сағаттан аспауы тиіс («Дене шынықтыру» пәнін қоспағанда), осы ретте теориялық оқудың 1 кредиті 45 сағатқа тең (15 сағаты оқу сабағы және 30 сағаты өзіндік жұмысы), тәжірибенің 1 кредитінің еңбек сыйымдылығы оқу тәжірибесі үшін 15 сағатты (50 минуттан), педагогикалық тәжірибе үшін 30 сағатты (50 минуттан), өндірістік тәжірибе үшін 75 сағатты (50 минуттан) құрайды.

4.10 Пәндерді кодтауда:

27.06.2014ж. №6 хаттамасымен Сенатта бекітілген «Университеттегі мамандықтар бойынша оқытылатын пәндерді кодтау тәртібі» негізінде дайындалады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі мамандықтардың пәндерін цифрлық кодпен көрсету жүзеге асырылады.

Бірінші код белгілеріндегі әріп (B, M, D, R, I) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейін көрсетеді.

Пәндерді кодтау мамандық оқу жоспарлары құрылымына сәйкес екі деңгейде жүзеге асырылады. Бакалавриат үшін біріншісі, мемлекеттік міндетті, Түркі дүниесі мәдениеті, әлеуметтік-коммуникативтік модульдер үшін; екіншісі Кәсіби модульдер блогы үшін пәндерді кодтау жүзеге асырылады.

Үлгі 1 (мемлекеттік міндетті, Түркі дүниесі мәдениеті, әлеуметтік-коммуникативтік модульдер үшін)

Пәнді кодтау құрылымы 1-суретте бейнеленген.

| | | | |
|---|---|---|---|
| X | X | X | X |
|---|---|---|---|



| | | |
|---|---------------------|------------------------|
| <i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i> | | <i>ЖН-СМЖ-065-2015</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Жұмыс нұсқау | <i>2-ші нұсқа</i> |
| Мамандықтың негізгі оқу жоспарын дайындау | | 25 беттің 6 –ші беті |

Сурет 1 - Кодтау құрылымы

Жазылу үлгісі: В001
Мұндағы: В – бакалавриат; 001 – Қазақстан тарихы (оқу жоспарындағы тізімдегі пән реті).

Үлгі 2 (Кәсіби модуль үшін)
Пәнді кодтау құрылымы 2-суретте бейнеленген.



Сурет 2 - Кодтау құрылымы

Жазылу үлгісі: В13.001
Мұндағы: В – бакалавриат;
13 – мамандық коды (университет тізімі бойынша);
001 – пән коды (реттік саны бойынша).

Әр мамандыққа тән пәндер жинақтау банкі жасақталады. Ондағы пән кодтарының реттік саны сақталып, өзгеріссіз қалады.

Мамандыққа жұмыс берушілердің сұранысы мен басқа да оқу үдерісі қажеттіліктеріне қарай жаңа пән енгізілетін жағдайда пән коды алдыңғы код ретімен жалғасады.

Мысалы:

В01.037 Мектепке дейінгі баланы диагностикалау пәні – ретінде көрсетілген. Келесі жаңадан қосылатын пән коды В01.038 ретінде жалғасып кетеді.

Университеттегі мамандықтар тізімі, университетте дайындалатын мамандықтарға міндетті пәндерінің коды және университетте дайындалатын мамандықтың пәндер банкісін жасақтау *ҮЛГІСІ* қосымша 1, 2, 3 –те берілді.

4.11 ECTS кредиттерін Қазақстан Республикасының жоғары білім беру кредитіне қайта есептеу әрбір пән және білім беру бағдарламасының деңгейі бойынша ECTS-тің 1 кредитін толтыруға байланысты ауыстыру коэффициентіне ECTS кредиттерін бөлу арқылы жүзеге асырылады:

- бакалаврлар үшін – 1,5-тен 1,8 дейінгі шекте.

ECTS бір оқу жылындағы оқу жұмысының жиынтық еңбек сыйымдылығын кемінде 60 кредитпен бағалайды.

4.12 Бакалавриатта әрбір академиялық сағат лекциялық, практикалық (семинарлық) және студиялық сабақтарға қоса міндетті түрде 1 сағат студенттің өзіндік жұмысы, 1 сағат студенттің оқытушымен өзіндік жұмысымен жүргізіледі. Сондықтан Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде бір кредиті 45 академиялық сағатқа, ECTS-тің 1 кредиті 25-30 академиялық сағаттарға, ал бір академиялық сағат 50 минутқа тең. Сонымен қатар, студиялық сабақтар үшін академиялық сағат 75 минутқа, зертханалық сабақтар мен дене тәрбиесі сабақтары үшін 100 минутқа тең (20.04.2011ж. №152 бұйрық 4/67, 69).

| | | |
|---|---------------------|-----------------------------|
| <i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i> | | <i>ЖН-СМЖ-065-2015</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Жұмыс нұсқау | <i>2-ші нұсқа</i> |
| Мамандықтың негізгі оқу жоспарын дайындау | | 25 беттің 7 –ші беті |

4.13 Университетте мамандықтардың НОЖ-ын дайындауда ҚР кредитін ECTS бойынша қайта есептеуде ECTS-тің 1 кредиті 26 академиялық сағатпен (төмендегі кестеге сәйкес) есептелінеді.

ҚР кредитін ECTS бойынша қайта есептеу

| ҚР кредиті | ECTS кредиті 26 сағатпен есептелінді |
|-----------------------|--------------------------------------|
| 1. Пәндер | |
| 1 | 2 |
| 2 | 3 |
| 3 | 5 |
| 4 | 7 |
| 5 | 9 |
| 6 | 10 |
| 7 | 12 |
| 8 | 14 |
| 9 | 16 |
| 10 | 17 |
| 11 | 19 |
| 12 | 21 |
| 13 | 23 |
| 14 | 24 |
| 15 | 26 |
| 16 | 28 |
| 17 | 29 |
| 18 | 31 |
| 19 | 33 |
| 20 | 35 |
| 21 | 36 |
| 22 | 38 |
| 23 | 40 |
| 24 | 42 |
| 25 | 43 |
| 26 | 45 |
| 27 | 47 |
| 28 | 49 |
| 29 | 50 |
| 30 | 52 |
| 31 | 54 |
| 32 | 56 |
| 33 | 58 |
| 34 | 59 |
| 35 | 61 |
| 36 | 63 |
| 37 | 64 |
| 38 | 66 |
| 39 | 68 |
| 2. Тәжірибелер | |
| 2.1 Оқу | |
| 1 | 1 |
| 2 | 1 |
| 3 | 2 |
| 4 | 2 |
| 5 | 3 |
| 6 | 3 |

| | | |
|---|---------------------|-----------------------------|
| <i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i> | | <i>ЖН-СМЖ-065-2015</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Жұмыс нұсқау | <i>2-ші нұсқа</i> |
| Мамандықтың негізгі оқу жоспарын дайындау | | 25 беттің 8 –ші беті |

| | |
|---|-----|
| 7 | 4 |
| 8 | 5 |
| 2.2 Педагогикалық | |
| 1 | 1 |
| 2 | 2 |
| 3 | 3 |
| 2.3 Өндірістік | |
| 1 | 3 |
| 2 | 6 |
| 3 | 9 |
| 4 | 12 |
| 5 | 14 |
| 6 | 17 |
| 2.4 Зерттеу тәжірибесі, ғылыми-зерттеу жұмысы | |
| 1 | 5 |
| 2 | 9 |
| 3 | 14 |
| 4 | 18 |
| 5 | 23 |
| 6 | 28 |
| 7 | 32 |
| 8 | 37 |
| 9 | 42 |
| 10 | 46 |
| 11 | 51 |
| 12 | 55 |
| 13 | 60 |
| 14 | 65 |
| 15 | 69 |
| 16 | 74 |
| 17 | 78 |
| 18 | 83 |
| 19 | 88 |
| 20 | 92 |
| 21 | 97 |
| 22 | 102 |
| 3. Мемлекеттік емтихан мен диплом жұмысын (жобасын) жазу және қорғау | |
| 1 | 4 |
| 2 | 8 |
| 3 | 12 |
| 4 | 16 |
| 4. Дене шынықтыру | |
| 2 | 3 |

4.14 Негізгі оқу жоспарындағы тәжірибе модуліндегі тәжірибе түрі әр мамандықтың өз ерекшелігіне сәйкес анықталады. Барлық мамандықтарға қатысты Өндірістік тәжірибеге бітіруші курстарға 4 және 5 жылдықтарға 6 кредит бөлінген. Онын ішінде 4 кредиті 4-курс 8-семестр, 5-курс 10-семестр үшін – 10 апта (өндірістік тәжірибе), 2 кредиті 4-курс 8-семестр, 5-курс 10-семестр үшін – 5 апта (диплом алды тәжірибе). Диплом алды тәжірибеге ғылыми жетекшілікті дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі жүзеге асырады. (№499 қаулы, 61 тармақша). Диплом жұмысынан босатылған студенттер диплом алды тәжірибенің орнына өндірістік тәжірибесін жалғастырады.

4.15 Негізгі оқу жоспарын мамандық шығаратын кафедраның меңгерушісі мен жетекші оқытушысы дайындайды, кафедра мәжілісінде қаралады (*қосымша 4 және 6 күндізгі оқу түрі бойынша берілген*) және кафедра меңгерушісі тарапынан қол қойылып,

| | | |
|---|---------------------|-----------------------------|
| <i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i> | | <i>ЖН-СМЖ-065-2015</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Жұмыс нұсқау | <i>2-ші нұсқа</i> |
| Мамандықтың негізгі оқу жоспарын дайындау | | 25 беттің 9 –ші беті |

факультеттің оқу-әдістемелік кеңесіне талқылауға ұсынылады. Факультеттің оқу-әдістемелік кеңесіне талқыланған соң факультет деканы қол қояды. Жұмыс тобы мүшелері негізгі оқу жоспарын талқылап болғаннан кейін жұмыс тобы отырысы хаттамасының көшірмесі толтырылып, жоспарды келісім парағымен қоса академиялық мәселелер жөніндегі департаментіне келісілуге ұсынылады.

4.16 Академиялық мәселелер жөніндегі департаментіне ұсынылған негізгі оқу жоспары қойылған талаптарға сай екендігі тексеріледі, бөлім мамандары тарапынан сәйкессіздік анықталса, жоспарды жасағандармен бірге отырып ескертулерді жою іске асырылады. Негізгі оқу жоспарына мамандық шығаруға жауапты кафедра меңгерушісі, факультет деканы, әдістемелік бөлім басшысы, академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент қол қояды.

4.17 Тексеріліп болғаннан кейін негізгі оқу жоспары жалпы университеттік жұмысшы комиссиясының қарауына ұсынылады, одан кейін университеттің оқу-әдістемелік кеңесінің отырысына ұсынылады. Онда негізгі оқу жоспары, келісім парағы, сараптамалық ұйғарым, жалпы университеттік комиссия хаттамасының көшірмесі көрсетілуі шарт.

4.18 Университеттің оқу-әдістемелік кеңесі тарапынан негізгі оқу жоспары мақұлданғаннан кейін университет Сенатына бекітуге ұсынылады. Бекітілген негізгі оқу жоспары Университет президентіне қол қойылуға жіберіледі. Университет президентінің қолы елтаңбалық мөрмен бекітіледі.

4.19 Негізгі оқу жоспарының түпнұсқасы әдістемелік бөлімде сақталады, бекітілген нұсқасы сканирленіп университеттің сайтына қойылады.

4.20 Негізгі оқу жоспарларының номенклатура бойынша сақталу мерзімі біткен соң түп нұсқалары университет мұрағатына, комиссия құрылып, акт арқылы өткізіледі.

5 ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ және ТАРАТУ ТӘРТІБІ

5.1 Негізгі оқу жоспары жойылғанша немесе жаңасымен алмастырылғанша күшін сақтайды.

5.2 Негізгі оқу жоспарына өзгерістер Сенат, оқу-әдістемелік Кеңес шешімдерімен енгізіледі. Негізгі оқу жоспарына өзгертулер енгізу тәртібі, негізгі оқу жоспарын дайындау, келісілу тәртібімен бірдей.

5.3 Жалпы міндетті білім беру стандартына, құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламасына сәйкес негізгі оқу жоспарына өзгерістер енгізу ағымдағы оқу жылының қаңтар айында кафедра отырысында талқыланып, ақпан айынан кешіктірілмей кафедра отырысы хаттамасының көшірмесі, факультеттің ғылыми кеңесінің қарауына ұсынылады.

5.4 Факультеттің оқу-әдістемелік кеңесі кафедра отырысы хаттамасының көшірмесі негізінде осы оқу жылының ақпан айына дейін негізгі оқу жоспарына өзгерістер енгізу жөнінде шешім қабылдайды.

5.5 Негізгі оқу жоспарына енгізілген өзгертулер негізгі мәтінімен бірге сақталынады, сонымен қатар әдістемелік бөлім әдіскері арқылы құрылым бөлімдеріндегі даналарына да енгізіледі.

5.6 Осы жұмыс нұсқауды әзірлеу, рәсімдеу, келісу және бекіту «Өзгерістер туралы хабарлау», сонымен қатар оған өзгерістер енгізу СМЖ ҚП ХҚТУ-4.2.3-2.0.-2009 сәйкес жүргізіліп «Өзгерістерді тіркеу парағына» жазылу керек.

5.7 Осы жұмыс нұсқауды бөлімдерге тіркелген жұмыс нұсқасын көбейту және таратуға әдістемелік бөлім, сақталуына АРСБ жауапты.

5.8 Осы жұмыс нұсқауды келесі тиісті бөлімдерге таратылады АРСБ, ӘБ, факультеттерге, кафедраларға. Мамандықтарға негізгі оқу жоспарын дайындаудың жұмыс нұсқалары журналға тіркеліп (қол қойдырып алып қалады) таратылады.

| | | |
|---|---------------------|------------------------------|
| <i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i> | | <i>ЖН-СМЖ-065-2015</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Жұмыс нұсқау | <i>2-ші нұсқа</i> |
| Мамандықтың негізгі оқу жоспарын дайындау | | 25 беттің 10 –ші беті |

6 ЖАУАПКЕРШІЛІК

6.1 Әзірленген мамандықтың негізгі оқу жоспарының мазмұнына және талаптардың орындалуына мамандық шығарушы кафедра меңгерушісі жауапты.

КЕЛІСІЛДІ

**Академиялық мәселелер жөніндегі
департамент директоры**

Ә.Төлеп

**Аккредитация, рейтинг және сапа
басқарма басшысы**

Ж.Дарибаев

Ahmet Yasaui University

| | | |
|---|---------------------|---------------------------------------|
| <i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i> | | <i>ЖН-СМЖ-065-2015 2-ші нұсқа</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Жұмыс нұсқау | |
| Мамандықтың негізгі оқу жоспарын дайындау | | 25 беттің 11 –ші беті |

Қосымша 1

Университетте дайындалатын мамандықтарға берілген ішкі кодының тізімі

| Рет сан ы | Ішкі коды | Бакалавр мамандықтарының шифры мен аты | Ішкі коды | магистратура мамандықтарының шифры мен аты | Ішкі коды | Докторантура мамандықтарының шифры мен аты |
|-----------|-----------|---|-----------|---|-----------|--|
| 1 | B01.000 | 5B010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу | M01.000 | 6M010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу | | |
| 2 | B02.000 | 5B010200-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі | M02.000 | 6M010200-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі | | |
| 3 | B03.000 | 5B010300-Педагогика және психология | M03.000 | 6M010300-Педагогика және психология | D03.000 | 6D010300-Педагогика және психология |
| 4 | B04.000 | 5B010400-Бастапқы әскери дайындық | | | | |
| 5 | B05.000 | 5B010600-Музыкалық білім | | | | |
| 6 | B06.000 | 5B010700-Бейнелеу өнері және сызу | M06.000 | 6M010700-Бейнелеу өнері және сызу | | |
| 7 | B07.000 | 5B010800-Дене шынықтыру және спорт | M07.000 | 6M010800-Дене шынықтыру және спорт | | |
| 8 | B08.000 | 5B010900-Математика | | | D08.000 | 6D010900-Математика |
| 9 | B09.000 | 5B011000-Физика | M09.000 | 6M011000-Физика | D09.000 | 6D011000-Физика |
| 10 | B10.000 | 5B011100-Информатика | M10.000 | 6M011100-Информатика | | |
| 11 | B11.000 | 5B011200-Химия | M11.000 | 6M011200-Химия | | |
| 12 | B12.000 | 5B011300-Биология | M12.000 | 6M011300-Биология | | |
| 13 | B13.000 | 5B011400-Тарих | | | D13.000 | 6D011400-Тарих |
| 14 | B14.000 | 5B011600-География | | | | |
| 15 | B15.000 | 5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті | | | D15.000 | 6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті |
| 16 | B16.000 | 5B011800-Орыс тілі мен әдебиеті | | | | |
| 17 | B17.000 | 5B011900-Шет тілі: екі шетел тілі | M17.000 | 6M011900-Шет тілі: екі шетел тілі | | |
| 18 | B18.000 | 5B012000-Кәсіптік оқыту | | | | |
| 19 | B19.000 | 5B020100-Философия | M19.000 | 6M020100-Философия | | |

| | | | | | |
|---|--|--|---------------------|------------------------------|--|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | | | ЖН-СМЖ-065-2015 | |
| Сапа менеджментінің жүйесі | | | Жұмыс нұсқау | | |
| Мамандықтың негізгі оқу жоспарын дайындау | | | | 25 беттің 12 –ші беті | |

| | | | | | | |
|----|---------|--|---------|--|---------|---------------------|
| 20 | B20.000 | 5B020200-Халықаралық қатынастар | | | | |
| 21 | B21.000 | 5B020300-Тарих | M21.000 | 6M020300-Тарих | | |
| 22 | B22.000 | 5B020500-Филология | M22.000 | 6M020500-Филология | | |
| 23 | B23.000 | 5B020600-Дінтану | M23.000 | 6M020600-Дінтану | | |
| 24 | B24.000 | 5B020700-Аударма ісі | | | | |
| 25 | B25.000 | 5B020800-Археология және этнология | | | | |
| 26 | B26.000 | 5B021000-Шетел филологиясы | M26.000 | 6M021000-Шетел филологиясы | | |
| 27 | B27.000 | 5B021100-Теология | | | | |
| 28 | B28.000 | 5B030100-Құқықтану | M28.000 | 6M030100-Құқықтану | D28.000 | 6D030100-Құқықтану |
| 29 | B29.000 | 5B040300-Вокалдық өнер | | | | |
| 30 | B30.000 | 5B040400-Дәстүрлі музыка өнері | | | | |
| 31 | B31.000 | 5B040700-Актерлік өнер | | | | |
| 32 | B32.000 | 5B040900-Хореография | | | | |
| 33 | B33.000 | 5B041700-Сән өнері | | | | |
| 34 | B34.000 | 5B042100-Дизайн* | | | | |
| 35 | B35.000 | 5B050100-Әлеуметтану | M35.000 | 6M050100-Әлеуметтану | | |
| 36 | B36.000 | 5B050400-Журналистика | | | | |
| 37 | B37.000 | 5B050600-Экономика | M37.000 | 6M050600-Экономика | D37.000 | 6D050600-Экономика |
| 38 | B38.000 | 5B050700-Менеджмент | M38.000 | 6M050700-Менеджмент | D38.000 | 6D050700-Менеджмент |
| 39 | B39.000 | 5B050800-Есеп және аудит | M39.000 | 6M050800-Есеп және аудит | | |
| 40 | B40.000 | 5B050900-Қаржы | | | | |
| 41 | B41.000 | 5B051000-Мемлекеттік және жергілікті басқару | M41.000 | 6M051000-Мемлекеттік және жергілікті басқару | | |
| 42 | B42.000 | 5B060100-Математика | M42.000 | 6M060100-Математика | | |
| 43 | B43.000 | 5B060200-Информатика | M43.000 | 6M060200-Информатика | | |
| 44 | B44.000 | 5B060400-Физика | M44.000 | 6M060400-Физика | | |
| 45 | B45.000 | 5B060700-Биология | M45.000 | 6M060700-Биология | | |
| 46 | B46.000 | 5B060800- | M46.000 | 6M060800-Экология | | |

| | | |
|---|---------------------|---|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | ЖН-СМЖ-065-2015 2-ші нұсқа |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Жұмыс нұсқау | |
| Мамандықтың негізгі оқу жоспарын дайындау | | 25 беттің 13 –ші беті |

| | | | | | | |
|----|---------|--|---------|--|---------|---|
| | | Экология | | | | |
| 47 | B47.000 | 5B070200- Автоматтандыру және басқару | | | | |
| 48 | B48.000 | 5B070300- Ақпараттық жүйелер | M48.000 | 6M070300- Ақпараттық жүйелер | | |
| 49 | B49.000 | 5B070400-Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету | | | | |
| 50 | B50.000 | 5B071800-Электр энергетикасы | M50.000 | 6M071800-Электр энергетикасы | | |
| 51 | B51.000 | 5B073100- Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі | | | | |
| 52 | B52.000 | 5B090200-Туризм | | | | |
| 53 | B53.000 | 5B130100-Жалпы медицина | M53.000 | 6M110100- Медицина | D53.000 | 6D110100- Медицина 6D110200- Қоғамдық денсаулық сақтау |
| 54 | B54.000 | 5B130200- Стоматология | | | | |
